

**Қожа Ахмет Ясауи атындағы
халықаралық қазақ-түрік
университеті**



Ахмет Ясауи университетінде мүгедектігі бар адамдарға арналған қолдау қызметтері

Шапағаты мол жандар

Қайырымдылық ізгіліктің көрінісі. Осындай игі іс-жүргізіп, жомарттық танытқан "Шапағат" мүмкіндігі шектеусіз орталығының директоры Еркінбай Шалтанов мырза 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған іс-шара ұйымдастырды.

Іс-шараға Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ ректоры Жанар Темірбекова ханым қатысып, 42 түп ағаш пен 40 түп жауқазынды өз қолымен отырғызды. Белгілі қоғам қайраткері Абзал Құспан және бірқатар қоғам белсенділері мен кәсіпкерлер шараға белсене атсалысты. Мерекелік дастархан басында жүрекжарды тілектер айтылып, гүл шоқтары мен алғыс хаттар табысталды.

Жомарт жандардың шапағаты болашаққа үлгі болсын!

[https://www.facebook.com/100028338083939/posts/1006799000274693/?](https://www.facebook.com/100028338083939/posts/1006799000274693/?mibextid=WC7FNe&rdid=AFs7XeTVFPPoA4F3#)

[mibextid=WC7FNe&rdid=AFs7XeTVFPPoA4F3#](https://www.facebook.com/100028338083939/posts/1006799000274693/?mibextid=WC7FNe&rdid=AFs7XeTVFPPoA4F3#)



"Шапағаттағы" ән мерекесі

Түркістан қалалық Мәдениет үйінің ұйымдастыруымен "Алтын күз әуендері" мерекесінің аясында "Шапағат" мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қоғамдық бірлестігіне арналған "Ақ көңіл мейірім сыйластықпен" атты концерт өтті.

Шара барысында өнерпаздар Ақмарал, Майгүл, қос Жадыра, "Ай-Дана" дуэті, Шыңғыс, Дана және Досымжан әсем әндерімен қатысушылардың ықыласына бөленді.

Іс-шарада "Шапағат" бірлестігінің басшысы Еркін Керімбайұлына республикалық "Ел құрметі" қорының "Ерен еңбек иесі. Ел құрметі" медалі, куәлігі және сертификаты табысталды.

Бақытжан Бейсембаев,

"Бітімгер" медиаторлар қоғамдық бірлестігінің басшысы,

Түркістан облыстық Қоғамдық кеңес мүшесі.



ЖҮРЕКТЕГІ МЕЙІРІМ МЕН ШАПАҒАТ ҚҮДІРЕТІ

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің инклюзивті білім беру бойынша кеңесшісі, Халықаралық Ақпараттандыру Академиясының Академигі, PhD, қауымдастырылған профессор Серіков Таңсауле Ғабдыманапович қонақта болды.

Университет ректоры Жанар Амангелдіқызы "Кедергісіз келешек" орталығының жобасымен, сондай-ақ мүгедектігі бар студенттерге арналған жағдайлар мен «Инклюзивті білім берудің ресурстық орталығы» туралы таныстырды. Бұл жоба университеттің 30 жылдығына арналған 30 бастаманың бірі ретінде жүзеге асырылуда.

Қонақ университет студенттерімен кездесіп, ашық сұхбат өткізді. Пікірлесу барысында сенім мен мейірімнің ұрпақ алдындағы жауапкершілікпен үндесуі туралы маңызды ойлар айтылды.

Қазіргі уақытта университеттің қолдауымен «Мүгедектігі бар адамдардың қоғамдық интеграциясы» тақырыбында халықаралық ғылыми-әдістемелік семинар ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде.

Мейірім мен шапағатқа негізделген осындай шаралар жалғасын таба береді.

[https://www.facebook.com/story.php?](https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1241316876822903&id=100028338083939&mibextid=wwXIfr&rdid=fJx9eZdoNm5qabVm#)

[story_fbid=1241316876822903&id=100028338083939&mibextid=wwXIfr&rdid=fJx9eZ](https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1241316876822903&id=100028338083939&mibextid=wwXIfr&rdid=fJx9eZdoNm5qabVm#)

[doNm5qabVm#](https://www.facebook.com/story.php?story_fbid=1241316876822903&id=100028338083939&mibextid=wwXIfr&rdid=fJx9eZdoNm5qabVm#)

